

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖОБАЛАУ
ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУДЫҢ ТӘРТІБІ**

**ПОРЯДОК ПРОЕКТИРОВАНИЯ И СТРОИТЕЛЬСТВА
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс
және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства национальной экономики Республики
Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АстанаСтрой-Консалтинг» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
- 3 **ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті 2014 жылғы 29.12 № 156 -НҚ бұйрығымен 2014 жылғы
- 4 **ОРНЫНА:**

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

«Құрылыс саласының жаңа нормативтік базасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №156-НҚ бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 25-нк бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «АстанаСтрой-Консалтинг»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
- 3 **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29.12 2014 года № 156 -НҚ
- 4 **ВЗАМЕН:**

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 13 февраля 2019 года №25-нк «О внесении изменения и дополнения в приказ исполняющего обязанности председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ «Об утверждении новой нормативной базы строительной отрасли».

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4 Негізгі ЕРЕЖЕЛЕР	3
5 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ нысандарды ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ САЛУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ	4
6. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ.....	
7 СЫНАҚТЫҚ нысандарды ЖОБАЛАУ мен құрылысын салу	5
8 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОРЫНДАУ ҚҰЖАТТАМАСЫ	9
9 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ эксплуатацияға қабылдау	9
10 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖОБАЛАУ, ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ ЖӘНЕ эксплуатациялау НӘТИЖЕЛЕРІН ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ .	10
11 ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ	11
12 ЭНЕРГИЯНЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ	12
13 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	12

КІРІСПЕ

Осы ӘҚ «Эксперименталдық объектілерді жобалау және құрылысын салудың тәртібі» Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенттерінің, Қазақстан Республикасы құрылыс нормалары мен қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының негізінде әзірленді.

Эксперименталдық объектілерді жобалау және салу инновациялық шешімдерді өнеркәсіптік игеру және одан әрі тираждау сатысына жеткізу мақсатында инновациялық технологияларды, техниканы, конструкциялар мен материалдарды, жаңа жобалау шешімдерін енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс және инновацияларды игерудің жалғасы болып табылады. Тәжірибелік-эксперименталдық енгізу инновациялық өнімдердің аяқталған ғылыми-зерттеу және эксперименталдық-конструкторлық жұмыстарының негізінде құрылған инновацияларды игерудің бірінші сатысы болып табылады, өндірістік жағдайда (жобалау, құрылыс, қайта құру кезінде немесе пайдалану сатысында) мақұлдауды қосады.

Эксперименталдық мәртебе қағидаттық жаңашылдығы қала құрылысының энергетикалық тиімділігін арттыру, ғимараттар мен имараттардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту, олардың ұзақ мерзімділігін, қауіпсіздігін ұлғайту, сондай-ақ дәстүрлі емес және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша прогрессивті шешімдердің таралуына мүмкіндік беретін ғылыми, технологиялық және техникалық әзірленімдер, конструкциялар, жабдықтар мен материалдар іске асырылатын объектілерге беріледі.

Мемлекеттік нормативтердің басты бағыты – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтерін жүзеге асыру кезінде қолайлы әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өмір сүру және тіршілік ету ортасын құруда азаматтар мен қоғамның заңмен қорғалатын қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жобалау және құрылыс өнімі тұтынушыларының құқықтарын қорғау, құрылыс сенімділігі мен қауіпсіздігін, пайдалану кезінде салынған объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУДЫҢ ТӘРТІБІ

ПОРЯДОК ПРОЕКТИРОВАНИЯ И СТРОИТЕЛЬСТВА
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ

Қолданысқа енгізілді 2015-07-01

1 Қолдану саласы

1.1. Осы әдістемелік құжат тәжірибелік нысандарға, соның ішінде қала құрылысы кешендеріне, елді-мекендерге, тұрғын алаптары мен кварталдарға, өнеркәсіп аймақтары мен аудандары, кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыс ғимараттары, жер өңдеу және су шаруашылығы нысандары, инженерлік-көліктік коммуникациялар, сонымен қатар жобалануы мен құрылысы жаңа қала құрылысы принциптері мен рационалды жобалауға; көлемдік-жобалық және конструктивтік шешімдерге, жаңа құрылыс материалдарына, бұйымдарға, құрылымдар мен жабдықтарға, ғимараттардың, құрылыс нысандарының, селитебті және өндірістік аймақтар мен қала құрылысы кешендерінің инженерлік қамтамасыз ету жүйесіне; құрылыстағы ұйымдастыру мен басқарудың жетекші әдістеріне; құрылыс-монтаж жұмыстарының және тиімділік туралы объективті мәліметтері өндірістік (натуралық) жағдайларда тексерілетін құрылыс, сәулет және құрылыс материалдары саласындағы басқа да прогрессивті шешімдерге негізделе отырып жүзеге асырылған өзге де құрылыс нысандарына қатысты қолданылады.

1.2. Осы әдістемелік құжат Қазақстан Республикасы аумағын-да тәжірибелік нысандарды жобалауды және құрылысын жүзеге асыратын барлық қала құрылысы қызметіне қатысушыларға арналған.

1.3 Тәжірибелік объект деп жаппай құрылысқа ендіру үшін алғаш рет ұсынылатын аяқталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және жобалау мен құрылыс тәжірибесінде кең қолданылуын қамтамасыз ететін сенімді мәліметтер мен тәжірибелік өтіл жинауды атайды.

Ескертпе - Тәжірибелік объектілер бірегей объектілерден Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңында көрсетілген көрсеткіштері бойынша ерекшеленеді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы әдістемелік құжатты пайдалану үшін келесі нормативтік сілтемелік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16-шілдедегі №242-ІІ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы.

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13-қаңтардағы № 541-IV «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңы.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9-қаңтардағы № 212-III Экологиялық кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16-қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 1.02-03-2011 Құрылыс салуға арналған жобалау құжаттамасын әзірлеудің, келісудің, бекіту мен құрамының тәртібі.

ҚР ҚН1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттардың құрылысын салуды ұйымдастыру.

ҚР ҚН 1.03-05-2011 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ЕЖ 1.03-102-2014 Кәсіпорын, ғимарат пен имараттың құрылысының ұзақтығы мен құрылыстағы бітеме. 2-бөлім.

ҚР ЕЖ 2.02-101-2014 Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ЕЖ 1.03-101-2013 Кәсіпорын, ғимарат пен имараттың құрылысының ұзақтығы мен құрылыстағы бітеме. 1-бөлім.

ҚР ҚБҚ 8.02-03-2011 Қазақстан Республикасындағы құрылыс үшін жобалық жұмыстардың құнын анықтауға қатысты жалпы ережелер.

БҚ 11-02-2006 Күрделі құрылыс объектілерінің құрылысы, қайта жөндеуі, күрделі жөндеуі кезіндегі атқарушы құжаттаманы жүргізу реті мен оның құрамына қойылатын талаптар және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерінің жұмыстарын, конструкцияларын, аймақтарын куәландыру актілеріне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27-наурыздағы № 282 қаулысымен бекітілген «Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережелері».

Ескертпе - Осы әдістемелік құжатты қолдану кезінде сілтемелік құжаттар әрекетін тексерген жөн: ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қызмет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативті құжаттарды сілтеуіш» және «Мемлекетаралық нормативті құжаттарға сілтеуіш», құжаттар жыл сайын ағымдық жыл үшін жаңадан құралады. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда осы нормативті қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты қолданған жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай, күшін жойса, онда осы сілтеме көрсетілген ереженің осы сілтемеден басқа бөлігі пайдаланылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы әдістемелік құжатта сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер пайдаланылған:

3.1 Инвестор: Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің меншікті қаражатын және/немесе тартылған қаражат есебінен сынақтық нысан құрылысына капиталдық

салымдар салуды жүзеге асырушы заңды немесе жеке тұлға.

3.2 Инновациялық жоба: Құрамында экономикалық пайдалылық негіздемесі, капиталдық салымдардың көлемі мен жүзеге асыру мерзімдері, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп бекітілген қажетті жобалық-сметалық құжаттама, сонымен қатар инвестицияларды атқару бойынша тәжірибелік әрекеттердің сипаттамасы бар құжат;

3.3 Сынақтық құрылыс нысаны: Шектелген аумақта (өнеркәсіптік түйінде, елді-мекен ауданында, шағын ауданда немесе өзге қала құрылысы кешенінде) шоғырланған кәсіпорындар кешені, үйлер мен ғимараттар тобы, бөлек үйлер мен ғимараттар, технологиялық, техникалық және ғылыми жетістіктерді ендіру жолымен тұрғындар мен қоршаған ортаны жетілдіруге және өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған сәулеттік, құрылыстық, инженерлік және (немесе) технологиялық шешімдер;

3.4 Сынақтық құрылыс нысанын (инновациялық жобаны) әзірлеуші: Сынақтық нысанды әзірлеуші болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

3.5 Эксперименталды нысан (сынақтық, бір реттік): Жобалануы және/немесе құрылысы жаңа жобалық шешімдерді және (немесе) құрылыс әдістерін таңдау, зерттеу және тексеру, сонымен қатар жүргізілген зерттеулер мен (немесе) алдын ала зертханалық сынақтар нәтижелерін тәжірибеде (құрылыс барысында және пайдалануға тапсырудың белгілі бір кезеңінде) растау мақсатымен жүзеге асырылатын нысан;.

4 Негізгі ережелер

4.1 Сынақтық нысандардың жобалануы мен құрылысы тұрғын-азаматтық және өндірістік тағайындалымдағы нысандардың жаңа типтерін, инженерлік құрылымдарды, үйлер мен ғимараттардың инженерлік жабдықталу жүйесін, қолданыстағы нысандарды өзге функционалдық мақсаттарда қайта құру және пайдаға жаратуды, телімдерді, үйлер мен ғимараттарды қауіпті геологиялық процестерден инженерлік қорғауды қамтамасыз етуді, сонымен қатар сынақтық циклдың толығымен аяқталуына қажетті сынақтық жабдықтарды, материалдарды, құрылымдар мен басқа да құрал-жабдықтарды өндіруді қамтиды.

4.2 Сынақтық нысандар жобалануы мен құрылысына қатысушылар жобалық қуатқа шығуды қамтамасыз етуі, сынақтық құрылыс нәтижелерін жалпылауы, жалпы ғылыми-техникалық есептіліктер құрастырып, нысандарды жобалау және құрылысын іске асыру бойынша нәтижелерді одан әрі тираждау бойынша ұсыныстар дайындауы қажет.

4.3. Эксперименталдық нысандарда:

елді мекендердің, қала құрылысы кешендерін, тұрғын үй аудандары мен кварталдарын, өнеркәсіп аудандары мен тораптарын салудың жаңа қағидаларын;

жаңа көлемдік-жоспарлау және конструктивтік-техникалық шешімдердің, олардың технологиялық тұрғыда жүзеге асырылуының, сондай-ақ құрылыс өнімдерінің пайдалану сапаларын жақсартудың тиімділігін;

жаңа прогрессивтік құрылыс материалдарын, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды қолдану тиімділігін;

инженерлік қамтамасыз етудің үнемделуі және тиімділігін;

энергияны үнемдеу жүйелері мен шешімдерінің тиімділігін;

құрылысты ұйымдастырудың жаңа әдістері және жұмыстарды жүргізу технологияларын;

сәулет, қала құрылысы, аумақтық жоспарлау, құрылыс, құрылыс материалдары мен конструкциялары қоршаған ортаны қорғау саласында қолданылатын нормаларды, техникалық шарттарды, әдіснамалар мен стандарттарды нақтылайтын немесе дамытатын есептеулердің, жобалау және техникалық нормалаудың жаңа тәсілдерін;

пайдаланылып отырған тұрғын үй ғимараттарының жылу санациясының тиімді әдістерін тексеру жүзеге асырылуы мүмкін.

4.4 Тәжірибелік жобалар индустриалдық өндірістің тұрғын және қоғамдық ғимараттарын жеке жобалау және оларды бағалаудың ерекше стандарты үшін үлгілік модельдердің рөлін атқаруы тиіс.

4.5 Зерттеудің мақсаты тәуекелдер факторларын ескере отырып тәжірибелік құрылысты басқару әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

1) тәжірибелік құрылыстың отандық практикасы үшін тиісті бағдарларды таңдау мақсатында шетелдік тәуекелді басқару тәжірибесін талдау;

2) құрылыстағы инновациялық үдерістерді басқару ерекшеліктерін зерттеу және соның негізінде оның негізгі қатысушыларының міндеттерін анықтау;

3) тәжірибелік құрылыс нәтижелерін саралау және оның осы уақытта және келешекте даму үрдістерін белгілеу;

4) инвестициялық-құрылыс қызметіне қатысушы ұйымдарда тәжірибелік жобалау және құрылыс жоспарын іске асыру барысында туындайтын тәуекел факторларын осы жобалардың ерекшеліктерін анықтау үшін және оларды әзірленетін сыныптамада бейнелеу үшін белгілеу және талдау;

5) тәуекелдерді анағұрлым нақты сәйкестендіру мақсатында тәжірибелік жобалар үшін инвестициялық-құрылыс қызметінің тәуекелдерін сыныптауды жетілдіру;

6) инновацияларды жаппай құрылысқа енгізу құралы ретіндегі тәжірибелік құрылысты жоспарлау тиімділігін арттыру мақсатында анықталған ерекшеліктер негізінде тәжірибелік объектілер құрылысы жобаларын іске асыру тәуекелдерін басқару әдістемесін әзірлеу;

7) тәжірибелік объект құрылысының инвестициялық жобасын басқару-дың негізгі ережелерін, оны іске асырудың тәуекелдерін бағалауды ескере отырып, әзірлеу.

4.6 Зерттеу объектісі жаппай құрылыстағы инновациялық үдерістер болып табылады.

4.7 Зерттеу мәні инновациялық құрылыс жобасына еретін тәуекелдерді бағалау негізінде тәжірибелік құрылысты басқару болып табылады.

5 Эксперименталдық нысандарды жобалау және салу бағдарламаларын қалыптастыру тәртібі

5.1 Эксперименталдық жобаларды салу және жобалау үшін оларды эксперименталдық нысандарды жобалау және салудың салалық немесе ведомстволық бағдарламасына енгізу негіз болып табылады.

5.2 Нысандарды салалық немесе ведомстволық бағдарламаға енгізу туралы

ұсыныстарды ғылыми-зерттеу және жобалау кәсіпорындары, сондай-ақ, тапсырыс берушілер енгізе алады, егер олар өздерінің нысандарында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын (ҒЗТКЖ) эксперименталдық тексерудің жүргізілуін болжайтын болса.

5.3 Салалық бағдарламаға енгізу үшін мемлекеттік басқару органдарына бағдарламаға нысандарды енгізу қажеттілігі негізделетін эксперимент жүргізудің жұмыс бағдарламасы бар түсіндірме жазбаны ұсынуы қажет және экспериментті жүзеге асыруға қажетті қаражаттардың сомасы мен мұндай шығындарды қаржыландырудың мүмкін көздері келтіріледі.

5.4 Эксперимент жүргізу және оның қатысушыларының іс-әрекеттерін үйлестіру үшін жобалау кәсіпорны – жобаның әзірлеушісі ғылыми-зерттеу кәсіпорындары мен тапсырыс берушінің қатысуымен, төмендегідей негізгі мәселелерді қамтитын жұмыс бағдарламасын құрады:

эксперименталдық құрылыстың мақсаты;

басталғанға дейін, ал қажет болған жағдайда эксперименталдық нысанның құрылысын жүзеге асыру кезіндегі ғылыми-зерттеулерді орындау тәртібі және көлемі;

құрылыс кезінде, ал қажет болған жағдайда, оны пайдалану кезеңінде нысанның жағдайына қадағалау жүргізу тәртібі;

құрылысқа қатысушыларға техникалық және әдіснамалық көмек көрсету және бақылау тәртібі (тапсырыс беруші, мердігер, қадағалау қызметі);

эксперимент жүргізуге тікелей байланысты барлық шығындарды есепке алуды жүргізу тәртібі;

құрылыс барысында техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде есепке алынатын, эксперимент жүргізуге байланысты ерекшеліктер;

материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды эксперименттеу және сынақтар жүргізу барысында тексерілетін жаңалықтарды қолдану ерекшеліктері бойынша әзірлеуге жататын ұсынымдар тізбесі;

жүргізілген экспериментке байланысты нысанды пайдалану ерекшеліктері туралы ұсыныстар (қажет болған жағдайда).

6 Өрт қауіпсіздігі

6.1 Эксперименталдық объектілер пайдалануға тапсыру кезінде онда өрттің пайда болуын болдырмауға бағытталған Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті мен ҚР ЕЖ 2.02-101-2014 талаптарына сәйкес шаралар өткізуге жарамды болатындай етіп салынуы керек, ал өрт орын алған жағдайда келесі талаптар орындалуы қажет:

1) ғимарат немесе имараттың тұрақтылығы, сондай-ақ тасымалдайтын конструкциялардың беріктігі адамдарды эвакуациялауға арналған және өрт залалдарын қысқартуға бағытталған уақыт аралығында сақталуы керек;

2) өрт орнында өрттің қауіпті факторларының пайда болуы мен таратылуы шектеулі болуы тиіс;

3) өрттің қауіпті факторларының таралуы, соның ішінде көршілес ғимараттар мен имараттарға көшуі шектелуі тиіс;

4) өрт шалған ғимарат жанындағы аумақа адамдарды (жасы мен физикалық жағдайларын ескере отырып) өмірге және денсаулыққа қауіп төнуге дейін қауіпсіз түрде эвакуациялау, адамдарды құтқару мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет;

5) өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамы өздерінің өрт сөндіру құралдарымен қоса өрт орнына кіру мүмкіндігі болып, адамдарды құтқару және материалдық құндылықтар мен қоршаған ортаға тиюі мүмкін залалдарды алдын алу бойынша шараларды орындауға жағдай жасау.

6.2 Эксперименталдық объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жобалық құжаттамада:

1) өртке қарсы алшақтық немесе жобалық ғимараттан, не болмаса ғимаратқа жақын имаратқа, конструкцияға, немесе сыртқы орнатылымға (сызықтық конструкциялар үшін – кашықтық трасса осынен елді-мекендерге, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық объектілерге, орман алаптарына дейін, сызықтық конструкциялардың бір-біріне қарама-қарсы трассалары, қорғалатын аймақтар көлемдері) дейінгі алшақтық;

2) конструкция элементтері мен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерінің отқа төзімділік және өрт қауіптілік сипаттамаларының қабылданатын көрсеткіштері;

3) ғимарат немесе имаратты өрттік бөліктерге бөлу;

4) өрт туған кезде орналасу, габариттер және адамдарды (соның ішінде мүгедектерді) эвакуациялау жолдары, эвакуациялау жолдарының түтінге қарсы қорғанысының қамтамасыз етілуі, эвакуациялау жолдарында қабырға, еден және төбе материалдарының өрт қауіптілігіне қатысты сипаттамасы, эвакуациялық шығу жолдарының саны, орналасуы, габариттері;

5) өртті автоматты түрде анықтау жүйесінің сипаттамалары немесе параметрлері, хабарлағыштар және өрт кезінде эвакуациялауды басқару, сонымен қатар автоматты түрде өрт сөндіру мен түтіннен қорғану;

б) өрт сөндіргіш техниканың өрт ошағына кіру мүмкіндігін, өрт сөндіру бөлімшелері қызметкерлерінің қауіпсіздігі және өрт сөндіру құралдарын өткізе алу, өрт сөндіру жүйелерінің параметрлері, соның ішінде сыртқы және ішкі өртке қарсы сумен қамсыздандырылуды қамтамасыз ету шаралары;

7) құрылыс және пайдалануға тапсыру кезеңдерінде ғимарат немесе имаратты өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар негізделуі керек.

7 Сынақтық нысандарды жобалау мен құрылысын салу

7.1 Сынақтық нысандардың жобалануы мен құрылысы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылысистері бойынша өкілетті мемлекеттік органды хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

7.2 Эксперименталдық құрылысты жобалар алдында техникалық-экономикалық негіздеме және инвестициялау негіздемесі орындалуы тиіс.

7.3 Техникалық-экономикалық негіздемеде (инвестициялау негіздемесінде) эксперименталдық құрылыстың техникалық-экономикалық мақсатқа сәйкестілік мәселелері шешіліп, ғылыми-техникалық сынақтар орындалуы тиіс бәсекелес нұсқалар

салыстырылуы тиіс.

7.4 Жобалау жобасын әзірлеу құрылыстың есеп айырысу құнының одан әрі жобалау және құрылыс кезінде көбейтілмеуі тиіс екені есепке алына отырып, техникалық-экономикалық негіздемеде (инвестициялау негіздемесінде) қабылданған шешімдер негізінде орындалуы тиіс.

7.5 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін:

- 1) ғылыми-зерттеу, жобалық және мержігер құрылыс компаниясының қатысуымен тапсырыс беруші әзірлейтін жобалауға тапсырма;
- 2) жер телімін (алаңдар, трассалар) таңдау немесе жер кесіп беру (пайдалануға рұқсат) бойынша материалдар;
- 3) нысанның инженерлік және коммуналдық қамсыздандырылуының техникалық ережелері;
- 4) инженерлік ізденістер нәтижелері;
- 5) тапсырыс берушінің жоба алдындағы қызметінің нәтижелерін қоса өзге де бастапқы мәліметтер негіз болып табылады.

7.6 Сынақтық нысан құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттама тапсырыс берушінің (салушының) есебінен әзірленеді.

7.7 Эксперименталдық нысандар құрылысына жобалау құжаттамасын әзірлеу құны эксперименталдық сипатқа ие жобалау жұмыстары көлемдері арқылы анықталуы керек.

7.8 Сынақтық нысан құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді сәулет, қала құрылысы, құрылыс салаларындағы сәйкесінше жобалық-зерттеушілік (жобалық) қызмет түрлерін орындауға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар іске асыра алады.

7.9 Эксперимент мақсаттарын іске асыру үшін эксперименталдық объект-тілерді жобалау кезінде тиесілілігі бойынша мемлекеттік қадағалау органдарымен міндетті түрде келісілуі тиіс қолданыстағы нормативтерден кейбір ауытқулар болуы мүмкін.

7.10 Қазақстан Республикасында нормалары (мемлекеттік нормативтер немесе Қазақстан Республикасында қолданылатын мемлекетаралық нормативтер) жоқ ерекше параметрлері (сипаттамалары, қасиеттері) бар объектілерді жобалау кезінде тапсырыс беруші нормативтік-зерттеу және арнайы ұйымдарды тарта отырып, осы объект үшін жоқ нормативтерді алмастыратын жобалау және құрылысқа арнайы техникалық шарттарды әзірлейді.

7.11 Сынақтық нысан құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттама құрамында белгіленген рет бойынша әзірленген құрылысты ұйымдастыру жобасы және жұмыстар өндірісінің жобасы болуы керек.

Сынақтық нысандардың құрылысты ұйымдастыру жобасы мен жұмыстар өндірісінің жобасында жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек ету шарттары, механизация құралдарын тиімді қолдану, құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру, құрылыс өндірісінің прогрессивті технологиясын ендіру, энергия үнемдегіш және қоршаған ортаға зиян тигізбейтін технологияларды пайдалану қарастырылуы қажет.

7.12 Күрделі және эксперименталдық объектілерді құрылысқа дайындауға арнайы бағдарламалар бойынша режимдік бақылауларды (сейсмометрикалық, гидрогеологиялық, геохимиялық, геодезиялық, маркшейдерлік, метрологиялық, тензометриялық және т.б.) ұйымдастыру, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, сынақ полигондарын, метеорологиялық

бекеттерді және өлшеу станцияларын құру жөніндегі жұмыстар кіруі тиіс.

Жұмыстарды жүргізу жобаларын және объектілердің қайта жаңартылуын (жетілдірілуін) қоса алғанда, оның құрамындағы күрделі және эксперименталдық объектілер құрылысының технологиялық карталарын объектілердің тапсырыс берушілерінің немесе жобалау ұйымдарының тапсырысы бойынша мамандандырылған жобалау-технологиялық ұйымдары әзірлеуі тиіс. Бұл шығындарды қаржыландыру объектілердің тапсырыс берушілері тарапынан жобалау-іздігіру жұмыстарының құнына қосылады.

Эксперименталдық объектілер құрылысының ұзақтығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі туралы Ереженің 17-тармағы 443-тармақшасына сәйкес әзірленетін және бекітілетін кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салудағы құрылыстардың және бітемелердің ұзақтығы бойынша мемлекеттік норматив талаптарына сәйкес кәсіпорындардың, ғимараттар құрылыс ұзақтығымен құрылыс нысандарының құрылыс ұзақтығының бекітілген нормаларына сәйкес жеке есептеу немесе интерполяциялау әдісі арқылы құрылысты ұйымдастыру жобасымен анықталуы тиіс. Ғимараттар мен құрылыстардың, жаңа технологиялық үдерістердің, құрылыс материалдары мен конструкциялардың пайдалану сапасын тексеру бойынша эксперименттің ұзақтығы қолданыстағы нормативтік құжаттармен және эксперимент жүргізудің жұмыс бағдарламаларымен анықталады.

7.13 Эксперименталдық объектілерді жобалау кезінде эксперименталдық нысандардың сенімділігін, беріктігін, пайдалану және сәулет сапаларының жақсартылуын қамтамасыз ететін шешімдер қарастырылуы тиіс.

7.14 Эксперименталдық құрылыс барысында сынақтарға арналған жобада қарастырылған жаңа материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың үлгілері арнайы бағдарламалар бойынша алдын ала сынақтан өткізіліп, тиісті комиссиямен қабылдануы тиіс.

7.15 Тәжірибелік жобаларды іске асыру кезінде Тапсырыс берушілер, егер Тәжірибелік құрылыс бағдарламасында тапсырыс берушінің аралық есеп беруі қарастырылса, жобалау бойынша орталық органды (жобалау, ғылыми-зерттеу институты) хабарландырып отырады, ондай есептер Бағдарламаны орындау жөніндегі байламдармен қаралады.

Сапаны, мерзімдерді, құнды, орындалған жұмыстарды қабылдауды және объектілерді пайдалануға өткізуді қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде құрылысты техникалық қадағалау тапсырыс берушімен, қызметтің осы түріне тиісті аттестаттары бар сарапшылармен жүзеге асырылады.

7.16 Эксперименталдық объектілердің құрылысын салудың сапасын бақылау Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамамен, мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарымен реттеледі.

Халықаралық шарт ережелері бойынша орындалған эксперименттік жоба, жобаны әзірлеген операторымен (тапсырыс берушімен) және Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісілген ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттар бойынша қабылданады.

8 Эксперименталдықұрылыстарды салу барысындағы орындау құжаттамасы

8.1 Құрылыс барысында жұмыстарды орындаушылар, жұмыстардың белгілі кезеңдерін аяқталуы бойынша өндірістің барлық кезеңдерінде, құрылыстың және олардың элементтерінің нақты жағдайын және жобалық шешімдерді нақты орындауды көрсететін орындау құжаттамасын жасауға міндетті.

Нақты орындау құжаттарының жасалуының, мазмұнының және үлгісінің міндеттілігі тиісті нормативтік құжаттармен белгіленеді.

Жобаға құрылыс жұмыстарын орындау немесе жабдықтарды алмастыру барысында өзгерістер енгізген жағдайда, бұл өзгерістерді тапсырыс беруші жоба әзірлеушісімен келісуі және ол жерде тіркелуі тиіс.

8.2 Орындау құжаттамаларына төмендегілер жатады:

геодезиялық ажырату негізін қабылдау актілері;

ғимараттардың (құрылыстың) жердегі (ғимараттың орналасуы) орналасуының орындау сызбасы;

инженерлік желілер және жер асты құрылыстарының профильдері және орындау сызбалары;

өндірістік мақсаттағы объектілердің орындау бас жоспарлары;

тұрғызылған конструкциялардың орындау геодезиялық сызбалары;

жұмыстардың жалпы журналы және құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісінің бүкіл мерзімінде толтырылатын арнайы жұмыс журналдары;

кринбейтін жұмыстарды куәландыру актілері;

жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілері;

инженерлік қабылдау актілері, қажет болған жағдайда қабылдау сынақтары нәтижелері туралы құжаттарды қоса береді;

құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі үшін жауапты тұлғалар жасаған, бұл сызбалармен (оларға енгізілген өзгерістерді ескере отырып) орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы жазулары бар объектілердің құрылысына арналған жұмыс сызбалары;

құрылыстың қатысушыларының көзқарастары бойынша жобалық шешімдерді нақты орындауды көрсететін басқа да құжаттар, оның ерекшелігін ескере отырып.

9 Эксперименталды объектілерді эксплуатацияға қабылдау

9.1 Эксперименталды объектілерді эксплуатацияға қабылдауды «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылысы салынып біткен объектіні мемлекеттік қабылдау комиссиясы эксплуатациялауға қабылдауы, оның толық дайындығы жағдайында, бекітілген жобаға сәйкес жасалынады.

9.2 Объектінің, оның эксплуатацияға қабылдауға дайындығын кешенді тексеру үдерісінде жұмыс компаниясы төмендегілерді тексереді:

1) мердігер (бас мердігер, қосалқы мердігер) ұсынған құжаттамалардың жиынтықтығын, мазмұнын және рәсімделуін;

2) орындалған құрылыс конструкцияларының жобалық құжаттамаларға

сәйкестігін бағалауды;

3) технологиялық жабдықтарды және инженерлік жүйелерді сынау және байқау нәтижелерін;

4) жұмыстардың жалпы журналына және техникалық және авторлық бақылау журналдарына енгізілген техникалық, авторлық бақылау, мемлекеттік бақылау органдарының ескертулері мен тапсырмаларының орындалуын бағалауды;

5) бақылау, өлшеу және сынау нәтижелерінің шынайылығына қойылатын талаптарды сақтауды бақылауды;

6) ауапты конструкцияларды аралық қабылдау барысында, мердігер (бас мердігер, қосалқы мердігер) ұсынған орындаушы геодезиялық сызбалардың шынайылығын бақылауды.

9.3 Көрінбейтін жұмыстардың сапасы мен дәлдігін, одан кейінгілерді орындағаннан кейін анықтау мүмкін емес, сондықтан олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі туралы Ереженің 17-тармағы 443-тармақшасына сәйкес әзірленетін және бекітілетін ғимараттар мен имараттар, кәсіпорындардың құрылысын ұйымдастыру бойынша мемлекеттік норматив талаптарына сәйкес келесі жұмыстарды орындау барысында қарауға және қабылдауға ұсынылады.

9.4 Құрылысы салынып біткен объектіні, оның дайындығын кешенді тексергеннен кейін құрылысты салушы (тапсырыс беруші), мемлекеттік қабылдау комиссиясына немесе қабылдау комиссиясына объектіні эксплуатацияға қабылдау үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес ұсынады.

9.5 Эксперименталдық объектінің құрылысы салынып біткеннен кейін ғылыми-зерттеу, жобалау, құрылыс және монтаждау ұйымдары тапсырыс берушімен берге егжей-тегжейлі талдау жасайды және жобаға қажетті өзгерістер енгізіледі.

10 Эксперименталдық объектілерді жобалау, құрылысын салу және эксплуатациялау нәтижелерін жинақтау және жүзеге асыру

10.1 Эксперименталды объектілердің құрылысын салу және жобалау нәтижелерін жинақтау және жүзеге асыру, массалық құрылысқа енгізілетін ғылыми-техникалық жаңалықтар туралы деректер базасын жасау үшін әрбір объекті бойынша есептер жасалынады.

10.2 Есептерді төмендегі ұйымдар жасайды:

1) ғылым-зерттеу және жобалау ұйымдары – эксперименталды объектілердің жетекші орындаушылары, эксперименталды құрылысқа қатысушы жобалау және мердігер ұйымдар;

2) жаңа құрылыс материалдарын, өнімдерін, конструкцияларын және жабдықтарын дайындаған кәсіпорындар;

3) эксперименталды объектілерді эксплуатациялау барысындағы жағдайына мониторинг жасау және қадағалау жүргізетін кәсіпорындар;

10.3 Эксперименталды құрылысты салу нәтижелерін жинақтау, жиынтық есептер жасау және оларды Қазақстан Республикасының құрылыс, қала құрылысын салу және архитектура істері бойынша Өкілетті мемлекеттік органына ұсыну, орындаушылар

эксперименталды құрылыс объектілерін жобалауға және салуға тағайындаған ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарына артылады.

10.4 Жиынтық есеп жүргізілген эксперимент туралы толық ақпараттан, оның ішінде:

1) сыналып көрілген ғимараттар мен құрылыстардың қала құрылысын салу, көлемдік-жоспарлаушылық, сәулет және конструктивтік-техникалық шешімдерінің нақты сипаттамалары; қолданылған жаңа құрылыс материалдары, өнімдері, жабдықтары және эксперименталды объектілердің инженерлік қамтамасыз ету жүйелері туралы деректерден;

2) эксперимент барысында қолданылған құрылыс өндірісі технологиялары мен ұйымдастырылуы бойынша шешімдер; жекелеген жұмыс түрлерінің өндірісі әдістері және оларды механизациялау туралы мәліметтерден;

3) эксперименттің жүргізілуімен байланысты қолданылған құрылғылар, жабдықтаулар, монтаждау құралдары және тағы да басқа құрылғылар тізілімінен;

4) құрылысты салу барысындағы, ал қажет болған жағдайда эксперименттің жүргізілуі бағдарламасында қарастырылған (ғимарат, конструкция, инженерлік жабдықтау немесе құралдар бөліктері) эксперименталды объектілерді эксплуатациялау кезеңіндегі зерттеулер нәтижелерінен;

5) эксперименталдық құрылысты салу барысында тексерілетін әзірлемелердің республикамызда және шет елдерде пайдаланылатын үлгілік және ұқсас шешімдермен салыстырғандағы прогрессивтілігін бағалаудан;

6) тексерілген әзірлемелердің, оларды жүзеге асыруға және ғимараттар мен құрылыстарды одан кейінгі эксплуатацияға шығатын шығындарды ескере отырып пайдалылығын бағалаудан;

7) эксперименталды құрылыс салу нәтижелерін массалық құрылыста жүзеге асыру бойынша ұсынылымдардан және осыған байланысты нормативті құжаттардан тұруы қажет.

10.5 Оң тұжырымы бар ақырғы есеп министрліктің (ведомствоның) ғылыми-техникалық кеңесінде қаралады және жаңа нормативтерді әзірлеу, қолданыстағыларын жетілдіру кезінде қол жеткен тәжірибені жаппай құрылыста тарату мақсатында объектіні одан әрі пайдалану және тәжірибе нәтижелерін қолдану туралы шешім қабылданады.

10.6 Эксперимент жүргізу үдерісінде жүргізу бағдарламасында қарас-тырылған болжанған әсерге қол жеткізу мүмкін емес екендігі анықталған жағдайда, экспериментті жүргізу тоқтатылады. Бұл ретте оны тоқтату қажеттілігін растаушы құжаттарды әзірлеуші-кәсіпорын, тапсырыс беруші және мердігер осы объектіні эксперименталдық объектілер құрылысын жобалаудың және салудың бекітілген бағдарламасына енгізген сәулет бөліміне немесе өзге бір мемлекеттік басқару органына тапсырады. Тапсырыс беруші немесе өзге мемлекеттік басқару органы, қажет болған жағдайда, экспериментті алып тастау туралы немесе осыған байланысты жобалау құжаттамасына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды.

11 Эксперименталдық объектілердің құрылысын салу барысындағы еңбек қауіпсіздігі

Жасалынып отырған жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қолданыстағы

заннамаға, нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі және ҚР ҚН 1.03-05 талаптарымен реттеледі.

12 Энергияны және ресурстарды үнемдеу

Эксперименталдық объектілерді жобалау және құрылысын салу Қазақстан Республикасының «Энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру» заңының талаптарына сәйкес болуы қажет.

13 Қоршаған ортаны қорғау

13.1 Эксперименталдық объектілерді жобалау және құрылысын салу барысында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен инженерлік және шаруашылық қызмет барысында табиғи ортаны қорғау талаптарын қоятын нормативтік құжаттар басшылыққа алынады.

13.2 Эксперименталдық объектілерді жобалау және құрылысын салу қоршаған орта сапасы нормативтеріне сәйкес және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының болуы жағдайында жүзеге асырылады. Бекітілген жобаға немесе жұмыстар құнына қоршаған ортаға зиян шектіретін өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Құрылыс жұмыстарын орындау барысында топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, табиғи ресурстарды қайта өндіру және тиімді пайдалану, аумақты көгалдандыру және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданулары керек.

13.3 Эксперименталдық объектілерді жобалау барысында қоршаған орта сапасы нормативтері есепке алынулары, зиянды қалдықтарды пайдаға асыру және зарарсыздандыру, қалдықтары аз және қалдықсыз технологиялар және өндірістері, қоршаған ортаны ластауды ескертудің тиімді шаралары, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қайта өндіру қарастырылуы қажет.

13.4 Эксперименталдық объектілерді жобалау және құрылысын салу қоршаған ортаны сақтау және экологиялық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, халықтың өмір сүруі, еңбек етуі және демалуы үшін неғұрлым жағымды жағдайларын қамтамасыз етуі керек.

ӘОЖ

МСЖ

Негізгі сөздер: эксперименталдық жобалау және құрылыс, инвестор, жоба, бірегей, ғылыми негіздеме, энергиялық тиімділік

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	IV
1. ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ	1
2. НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ	1
3. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ	3
4. ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	3
5. ПОРЯДОК ФОРМИРОВАНИЯ ПОГРАММЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ И СТРОИТЕЛЬСТВА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ.....	4
6. ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ	5
7. ПРОЕКТИРОВАНИЕ И СТРОИТЕЛЬСТВО ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ	6
8. ИСПОЛНИТЕЛЬНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ ПРИ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ	9
9. ПРИЕМКА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ.....	10
10. ОБОБЩЕНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ПРОЕКТИРОВАНИЯ, СТРОИТЕЛЬСТВА И ЭКСПЛУАТАЦИИ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ	10
11. БЕЗОПАСНОСТЬ ТРУДА ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ	12
12. ЭНЕРГО И РЕСУРСОСБЕРЕЖЕНИЕ	12
13. ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ.....	12

ВВЕДЕНИЕ

Настоящий МД РК «Порядок проектирования и строительства экспериментальных объектов» разработан на основе положений технических регламентов Республики Казахстан «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий», «Общие требования к пожарной безопасности», строительных норм и действующих нормативно-технических документов Республики Казахстан.

